

## **1 семинар сабағы .**

### **Ақпараттық технологиялар аудитінің технологиялық әдістері, тәсілдері мен рәсімдері**

Аудиторлық қызметті жүзеге асырудың негізгі формаларының біріне тексеру жатады. «Тексеру» термині латынның «zevisio» сөзінен шыққан, оның аудармадағы мағынасы «қайта қарау» немесе «қызметтерді зерттеу» дегенді, ал «тексеруші» – «тексеріс жүргізетін тұлға» дегенді білдіреді.

Аудит – бақылау, бағалау, ұсыныстарды әзірлеу және әр түрлі кешенді қызметтерді қамтитын іскерлік кеңес беру бойынша күрделі қызмет түрлері.

Аудит ұғымы тексеру және бақылау ұғымдарынан әлдеқайда терең. Аудитор тексерушіден өзінің мәні, мақсаты, клиентпен қарым-қатынасы, тәуелсіз пікір білдіруі, терең баға беруі, объектінің даму келешегі мен жағдайы туралы қорытындысының негізділігі бойынша ерекшеленеді.

Аудит қаржылық көрсеткіштердің анық екендігін тексеруді ғана қамтамасыз етпейді, ол сонымен бірге, кемшіліктерді жою мен мекеме қызметін оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді. Осыған орай, ол аудит анықтамасында бизнестің өзінше бір сараптамасы ретінде баяндалады.

Кәсіби аудиттің осы заманғы даму кезеңінде «аудит» және «аудиторлық қызмет» ұғымдары ажыратылып көрсетіледі.

АТ аудиті:

АТ жағдайын бағалау, АТ басқару бойынша шешімдер қабылдау үшін жүйелендірілген және сенімді ақпаратты жедел алу;

АЖ-ның жұмыс істеуін және қорғалуын тексеру;

АТ-ның ағымдағы жай-күйі туралы жүйелендірілген және объективті деректер алу және АТ-ны пайдаланатын озық ұйымдарға олардың сәйкестік дәрежесін бағалау процесі.

Аудиторлық қызмет бұған қоса есепті ұйымдастыруды, ішкі бақылауды, әр түрлі тәуекелдікті бәсеңдетуді, менеджментті, маркетингті жетілдіруді, басқа да заңдық, техникалық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуді жақсарту, жүзеге асыру, қалыптастыру бойынша әр түрлі кеңес беру мен кәсіби қызмет көрсетулерді қамтиды.

АЖ-нің жұмыс істеу тәсілдерінің тиімділігін бағалау кезінде осылар қарастырылады:

- техникалық құжаттамада қамтылған сипаттамалық модельдің жұмыс істеуінің нақты көрсеткіштеріне сәйкестігі;
- жабдықтың жұмыс істеу тиімділігі.

АТ қолданатын жүйелердегі бақылау құралдары қолмен және автоматтандырылған басқару құралдарының үйлесімінен тұрады.

Автоматтандырылған бақылау- компьютерлік бағдарламаларға салынған бақылау құралдары және т. б.

Қолмен басқару:

- АТ көмегімен жасалған ақпаратты пайдалану,

- АТ - ның тиімді жұмыс істеуін мониторингтеуді;
- автоматтандырылған бақылау.

Аудитор, адвокат, дәрігер, музыкант, суретші және шығармашылықтың адамдары сияқты еркін кәсіптің өкілі болып табылады, ал аудиттің кәсіпкерлік қызметтің түрі ретінде дамыған елдерде беделі (рейтингісі) жоғары. Шетелдік сарапшы ұйымдар жиі өткізетін қоғамдық сұрау салудың қорытындысы бойынша бухгалтер-аудитор кәсібі адвокат және дәрігер кәсіптерімен тең бәсекелесіп, алғашқы үш орынның бірін тұрақты иеленеді екен. XX ғасырдың 80-інші жылдарының соңында біздің елімізде пайда болған аудиторлық кәсіп бухгалтерлік есеп, қаржы, бақылау, құқық, менеджмент, стратегиялық және ағымдық жоспарлау, ұлттық экономиканың әр түрлі салаларын басқаруды ұйымдастыру салаларындағы жоғары білікті мамандар үшін келешегі зор әрі абыройлы қызмет түріне айналып үлгерді.